



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ИНСТИТУТЫ  
8D01506-География

**МАЗМҰНЫ**

<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Беті</b>
1	БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ	
2		



## 1. БЕЙІНДЕУШІ ПӘНДЕР ЦИКЛІНІҢ ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ

### *Таңдау компоненті 1*

**Пән: Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді коммерцияландыру**

*Еңбек сыйымдылығы:* 5 академиялық кредит

*Модуль коды:* IS-2

*Модуль атауы:* Ғылым интеграциясы

*Пререквизиттері:* TMGSE 504 Ғылыми зерттеулерді жоспарлау және ұйымдастыру

*Мақсаты:* Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық әзірлемелерді коммерцияландыру процесінің теориялық және практикалық мәселелерін дайындау бейіні мен ғылым саласының ерекшеліктеріне қатысты зерделеу.

*Қысқаша сипаттамасы:* Ғылыми-техникалық қызметті ұйымдастырудың принциптері мен нысандары, оның нәтижелері, технология және технологиялар трансфері ұғымдарының мазмұны. Педагогикалық технологиялардың коммерциялық әлеуетін, оның пайдалылығы мен әлеуетті құнын бағалаудың негізгі әдістерінің мазмұны. Ғылыми зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру кезеңдері, ғылыми-педагогикалық зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру модельдері. Ғылыми-педагогикалық зерттеулер нәтижелерін коммерцияландыру процесінде зияткерлік меншік объектілерін және оларды пайдалану құқықтарын қорғау. Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық әзірлемелер нәтижелерін коммерцияландырудың бизнес-жоспарын құрудың теориялық және әдіснамалық аспектілері. Технологиялар трансфері. Мемлекеттік құрылымдармен, компаниялармен, ғылыми ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау.

*БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):*

БОН 2 – Инновациялық идеяларды жүзеге асыру үшін ғылыми мәтіндерді ресімдеудің формалары мен тәсілдерін, ғылыми зерттеулердің заманауи технологияларын меңгерген.

БОН 3 – Зерттеу әдістерін жүйелей отырып, теориялық талдау және эмпирикалық зерттеу негізінде ғылыми проблеманы қоюды және қалыптасқан міндеттерді шешуді жүзеге асырады.

БОН 6 – Білім берудегі жаңа парадигма мен тұжырымдамаларды ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жобалай алады.

БОН 7 – Қашықтықтан зерделеу мәліметтерін пайдалану арқылы геожүйедегі өзгерістерге мониторинг жүргізеді және олардың картографиялық үлгілерін құрастырады.

БОН 8 – Табиғи ресурстарды пайдалану көрсеткіштерінің қарқынын және оларды игерудің экономикалық саясатын салыстыра отырып, әлем елдерінде болатын геоэкологиялық жағдайды болжайды.

*Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):*

ПОН 1 – Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық әзірлемелер нәтижелерінің коммерциялық әлеуетін бағалау және зияткерлік меншікті қорғау әдістемесін игерген.

ПОН 2 – Ғылыми әзірлемелерді практикалық пайдаланудан коммерциялық нәтиже алудың қажетті әдістерін, құралдарын, әдістерін өз бетінше пайдаланады.

ПОН 3 – Заманауи ғылыми-педагогикалық жетістіктерді сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды, ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді, оның ішінде пәнаралық мәселелерді шешу кезінде жаңа идеяларды түрлендіре алады.

ПОН 4 – Ғылыми және білім беру ұйымдарында, әлеуметтік мекемелерде жобаларды басқаруда кәсіпкерлік бастамаларды жүзеге асырады.

ПОН 5 – Өзінің кәсіби және тұлғалық дамуының мәселелерін жоспарлайды және шеше алады.

*Постреквизиттері:* жоқ

### *Таңдау компоненті 1*

**Пән: Географиялық білім берудің заманауи парадигмалары**

*Еңбек сыйымдылығы:* 5 академиялық кредит



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
8D01506 – География

*Модуль коды:* IS-2

*Модуль атауы:* Ғылым интеграциясы

*Пререквизиттері:* MMTG 501 Географиялық білім берудегі инновациялық әдістер

*Мақсаты:* Кәсіби ойлаудың әдістемелік бағытын дамытудың ғылыми негізі ретінде географиялық білім берудің қазіргі заманғы парадигмасы саласындағы құзыреттіліктерді қалыптастыру және оларды кәсіби қызметте пайдалануға баулу.

*Қысқаша сипаттамасы:* Жүйе парадигмасы және оның жүйе қалыптастырушы процестермен байланысы. Инновациялық-синергетикалық парадигма. Географиядағы эволюциялық парадигма. Географиялық ғылымдардың жүйелік парадигмасы. География ғылымының интеграциялық парадигмасы. География ғылымындағы аймақтық және салалық парадигмалар. Географиядағы белсенділік-геокеңістіктік көзқарас.

*БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):*

БОН 5 – Тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін халықты оңтайлы орналастыру, табиғи ресурстарды үнемді пайдалану және қорғау жөніндегі жобаларды әзірлейді.

БОН 7 – Қашықтықтан зерделеу мәліметтерін пайдалану арқылы геожүйедегі өзгерістерге мониторинг жүргізеді және олардың картографиялық үлгілерін құрастырады.

БОН 8 – Табиғи ресурстарды пайдалану көрсеткіштерінің қарқынын және оларды игерудің экономикалық саясатын салыстыра отырып, әлем елдерінде болатын геоэкологиялық жағдайды болжайды.

БОН 10 – Жоғары деңгейдегі сыни және креативті ойлау дағдыларына ие, кәсіби мәселелерді шешу үшін өзін-өзі реттеуге және рефлексияға қабілетті.

БОН 11 – Цифрлық технологияларды зерттеу мен пайдалануда этикалық және құқықтық нормаларды білу мен сақтауды көрсетеді. Цифрлық ақпаратпен жұмыс істеу және деректерді қорғау кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, цифрлық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және этикалық пайдалануға жәрдемдеседі.

*Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):*

ПОН 1 – «Білім беру парадигмасы» ұғымының мәнін, географиялық білім берудің қазіргі даму тенденцияларын біледі.

ПОН 2 – Географиялық білім берудің қазіргі заманғы оқыту үлгілерін мақсаттары, міндеттері және ерекшеліктері бойынша талдайды және салыстырады.

ПОН 3 – Оқу және кәсіптік мәселелерді шешу кезінде нормативтік құжаттарды қолданады.

ПОН 4 – Әзірленген авторлық құқық материалдарын электронды түрде өңдеу, жүйелеу және ұсыну үшін компьютерлік құралдарды пайдаланады.

ПОН 5 – Географиялық білім берудің әртүрлі үлгілерін енгізудің мәнін, принциптерін және технологиялық құралдарын бағалай алады.

ПОН 6 – Қазақстан мектептеріндегі географиялық білім берудің даму ерекшеліктерін болжайды.

*Постреквизиттері:* жоқ

*Таңдау компоненті 2*

*Пән:* Географиялық зерттеулердегі қашықтан зерделеу

*Еңбек сыйымдылығы:* 5 академиялық кредит

*Модуль коды:* IS-2

*Модуль атауы:* Ғылым интеграциясы

*Пререквизиттері:* GAMD 601 Ғылыми зерттеулерді картографиялық тұрғыдан қамтамасыз ету

*Мақсаты:* Қашықтан зерделеу мәліметтерін (ҚЗМ) сандық өңдеудің құралдары мен әдістері туралы қазіргі заманғы ұғымдарды қалыптастыру. Жер бетінің кескіндерін алу жүйелерінің негізгі



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
8D01506 – География

түрлері, кеңейтілім түрлері бойынша кескіндерді жіктеу, қашықтан зерделеу деректерін географиялық ақпараттық жүйелермен біріктіру қарастырылады.

*Қысқаша сипаттамасы:* Географиядағы қашықтан зерделеу және оның ғылым және өндіріс салаларымен байланысы. Қашықтан зерделеудің мәні және негізгі функциялары. Географиялық зерттеулерде қашықтан зерделеуді қолдану. Жоғары сапалы ғарыштық түсірілімдерді алу әдістері және оны жүзеге асыру әдістері. Планетамыздың бетінің жай-күйі туралы объектілерді, процестерді және құбылыстарды зерттеу. Табиғи кешендердің кеңістік пен уақыттағы өзгерістері. Ғарыштық бейнелеу құрылғылары және түсіру түрлері. Жерді қашықтан зерделеу деректерін визуалды және автоматты интерпретациялау. Мәліметтерді талдау және картографиялық модельдеу.

*БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):*

БОН 2 – Инновациялық идеяларды жүзеге асыру үшін ғылыми мәтіндерді ресімдеудің формалары мен тәсілдерін, ғылыми зерттеулердің заманауи технологияларын меңгерген.

БОН 3 – Зерттеу әдістерін жүйелей отырып, теориялық талдау және эмпирикалық зерттеу негізінде ғылыми проблеманы қоюды және қалыптасқан міндеттерді шешуді жүзеге асырады.

БОН 7 – Қашықтықтан зерделеу мәліметтерін пайдалану арқылы геожүйедегі өзгерістерге мониторинг жүргізеді және олардың картографиялық үлгілерін құрастырады.

БОН 10 – Жоғары деңгейдегі сыни және креативті ойлау дағдыларына ие, кәсіби мәселелерді шешу үшін өзін-өзі реттеуге және рефлексияға қабілетті.

*Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):*

ПОН 1 – Аэроғарыштық түсірілімдерді көрнекі түрде көрсету, түрлендіру және жақсарту әдістерін біледі.

ПОН 2 – Жердегі зерттеулер нәтижелерін қашықтан зерделеу материалдарымен біріктіру әдістерін мен алгоритмдерін біледі.

ПОН 3 – Қашықтан зерделеу деректерін өңдеуге арналған арнайы бағдарламалық құралмен жұмыс істеу дағдыларына ие.

ПОН 4 – Қашықтан зерделеу деректерін сандық көрсетудің теориялық негіздерін талдай алады.

ПОН 5 – Аэрофотосуреттерде көрсетілген нысандар мен құбылыстарды дешифрлеп, түсіндіріп бере алады.

ПОН 6 – Практикалық есептерді шешу үшін қашықтан зерделеу деректерін қолданудың ықтимал аймақтарын болжай алады.

*Постреквизиттері:* жоқ

*Таңдау компоненті 2*

*Пән: Халықаралық қатынастар және геосаясат*

*Еңбек сыйымдылығы:* 5 академиялық кредит

*Модуль коды:* IS-2

*Модуль атауы:* Ғылым интеграциясы

*Пререквизиттері:* GAMD 602 Қазіргі дүние жаһандануы және саяси география

*Мақсаты:* Халықаралық саяси процестер мен қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайды, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайы мен сыртқы саясатына ықпалын зерттеудің теориялық аспектілері мен практикалық дағдыларын қалыптастыру. Қазіргі халықаралық саясаттың негізгі тенденциялары және олардың Қазақстан дамуына әсері жайлы ғылыми негізделген көзқарастарды зерттеу. Дүниежүзілік экономиканың жаһандануы мен халықаралық қатынастардың жүзеге асырылуы жағдайындағы процестер мен құбылыстарды талдау.

*Қысқаша сипаттамасы:* Геосаясаттың ғылым ретінде қалыптасуы. Геосаяси идеялардың эволюциясы. Классикалық геосаясаттың негізгі идеялары мен принциптері. Геосаясат ғылымының қазіргі даму кезеңі: Батыстың геосаяси теориялары мен мектептері. Көпполярлық – әлемнің жаңа геосаяси моделі. Жаһандық әлемді танудың теориялық және әдіснамалық негіздері. Қазіргі



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ  
8D01506 – География

геоглобалистикадағы өркениет парадигмасы. Жаһандық өзара әрекеттесу стратегиялары. Жаһандық әлемдегі саяси кеңістік пен уақыт. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің жүйесі.

*БББ бойынша оқыту нәтижелері (БОН):*

БОН 3 – Зерттеу әдістерін жүйелей отырып, теориялық талдау және эмпирикалық зерттеу негізінде ғылыми проблеманы қоюды және қалыптасқан міндеттерді шешуді жүзеге асырады.

БОН 4 – Географиялық ілімдердің қалыптасу тарихы және ғылыми зерттеулердің қазіргі мәселелерін талдау арқылы географияның басым бағыттарын анықтайды.

БОН 8 – Табиғи ресурстарды пайдалану көрсеткіштерінің қарқынын және оларды игерудің экономикалық саясатын салыстыра отырып, әлем елдерінде болатын геоэкологиялық жағдайды болжайды.

БОН 9 – Идеялар мен ақпаратты кем дегенде екі тілде тиімді жеткізе алады, командада жұмыс істеп, көшбасшылық қабілеттерін көрсете алады, әр қатысушы өзін қабылданған және құрметті сезінетін инклюзивті орта жасайды және ұжымдық әлеуетті дамытуға ықпал етеді.

БОН 10 – Жоғары деңгейдегі сыни және креативті ойлау дағдыларына ие, кәсіби мәселелерді шешу үшін өзін-өзі реттеуге және рефлексияға қабілетті.

*Пән бойынша оқыту нәтижелері (ПОН):*

ПОН 1 – Халықаралық қатынастар мен геосаяси процестерге қатысты негізгі категориялар мен түсініктерді біледі.

ПОН 2 – Халықаралық саясаттың өзекті мәселелері бойынша өз көзқарасын тұжырымдап, дәлелдей алады.

ПОН 3 – Статистикалық деректерді жинайды және талдайды. Нақты жағдайларда негізделген шешімдер қабылдай алады.

ПОН 4 – Жекелеген әлеуметтік-экономикалық жүйенің, елдердің халықаралық қатынастарын дамыту бойынша ықтимал тәуекелдерді және қолайлы мүмкіндіктерді анықтау барысында алған білімдерін қолдана алады.

ПОН 5 – Халықаралық қатынастар мен процестердің дамуын болжау үшін үлгілерді бағалау әдістерін пайдалана алады.

ПОН 6 – Қазақстан Республикасының даму перспективаларына ұзақ мерзімді геосаяси факторлардың және халықаралық геосаясаттағы ағымдағы үрдістердің әсерлерін бағалай алады.

ПОН 7 – Нақты халықаралық саяси процестерді талдап, сыртқы саяси шешімдердің ықтимал салдарын болжай алады.

*Постреквизиттері: жоқ.*